

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 қараша N 1598.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.03. N 1176 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қарудың жекелеген түрлері айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110 қаулысына

Р 9 5 0 1 1 0 _

мынадай толықтыру енгізілсін;

көрсетілген қаулыға "Қазақстан Республикасындағы қарудың жекелеген түрлері айналымының тәртібі" деген 1-қосымша мынадай редакциядағы 19-л қосымшамен толықтырылсын:

19-л қосымша

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі
Шаруашылық басқармасының аңшылық шаруашылықтары
қызметкерлерінің қарулануы үшін белгіленген қарулар
мен оқ-дәрілердің
НОРМАЛАРЫ

Аңшылық шаруашылықтардың | Қарудың түрі
қызметкерлері | _____

| Пистолет Карабин Тегіс ұңғылы
|(револьвер) (винтовка) мылтық

1 | 2 | 3 | 4

Директор		1	немесе 1	-
Бас аңшы		1	1	-
Бас орманшы		1	1	-
Табиғатты қорғау жөніндегі жетекші инженер-инспектор		1	-	-
Орман қорғау инженері		1	-	-
Орманшы, орманшының көмекшісі		1	1	-
Аңшылық учаскесінің бастығы		1	1	немесе 1
Орман шебері				1
Ихтиолог, балық учаскесінің бастығы		1	немесе 1	-
Орманшы		-	-	1
Аға қорықшы, қорықшы		1	немесе 1	
Күзет жөніндегі жұмысшы				постыға 1
Бақташылар, шопандар				1
Аға омарташы, омарташы				омартаға 1

Ескерту:

Қарудың резерві - қаруындағы әрбір 10 бірлікке 1 қарудан.

Көрсетілген аңшылық шаруашылықтарда қосымша 5 бірлік тегіс ұңғылы және 5 бірлік иір ойықты аңшы қаруына рұқсат етіледі.

Оқ-дәрілердің саны ішкі істер органдарымен келісім бойынша сатып алынады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі